

«Ақмола облысы білім басқармасының
Шортанды ауданы бойынша білім
бөлімі Жолымбет кентінің № 2 жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная школа № 2 поселка
Жолымбет отдела образования по
Шортандинскому району управления
образования Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жыл 01 тамыз

№ 188

2024 - 2025 оқу жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ
Шортанды ауданының орта білім беру
ұйымдарында білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Білім Министірінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) және Ақмола облысы білім басқармасының 2024 жылғы 11 шілдедегі № 297 бұйрығы негізінде және Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 шілдедегі № 148 П бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындасын:
2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
1 – 11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1 тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
2 тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21 – 31 наурыз аралығында);

1 – сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4 тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 (12) – сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) - сынып оқушылары үшін:

1) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) Қазақ тілі / орыс тілі (оқыту тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/ неміс), информатика) - 2025 жылғы 5 маусым;

4) Орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиет бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/ орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, қықық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілінде оқытатын мектептерде / сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарды орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

4. Осы шыққан бұйрықтың орындалуын оқу ісінің меңгерушісі Шайзан Алияға міндеттеймін.



Мектеп директоры

А.Молдобаева